



ОӘЖ 321. 02

Түйебаев Махмут Мамырбекұлы

философия ғылымдарының кандидаты, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.
e-mail: phip12@mail.ru

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЖАҒАҢДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ БІЛІМ

Мақалада жаһандану кезеңіндегі қоғам дамуының өзекті мәселелері теориялық тұрғыдан сараланады. Қоғамның рухани болмысын қалыптастырудағы гуманитарлық ғылымдардың рөлі, маңызы жан – жақты көрсетілді. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылған міндеттерді жүзеге асырудың нақты жолдары, адам капиталы, жаһандану дәуіріндегі Мәңгілік қазақ елінің әлемдік дамудағы өз орнын анықтау үшін ұлттық кодымызды сақтаудың маңызы баяндалады.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, жаһандану, жаңа гуманитарлық білім, инновациялық және озық ғылыми-техникалық шешімдер, қоғамдық сана, адам капиталы, «Болашақ» бағдарламасы

Статья посвящена таким актуальным проблемам как, развитие современного гуманитарного образования в Республике Казахстан, и реализация проекта «Новое гуманитарное образование. 100 учебников на казахском языке», его значимость для формирования мировоззрения молодого поколения. Одной из важнейших задач становится подготовка трудов мировоззренческого характера, формирующих молодое поколение и сохраняющих культурный код нации.

Автор статьи отмечает важность развития гуманитарных наук в сохранении национальной идентичности и духовном обновлении общества в условия глобализации

Ключевые слова: духовное возрождения, глобализация, новое гуманитарное образование, инновационные и передовые научно-технические решения, общественное сознание, человеческий капитал, программа «Болашақ»

The article is sanctified to such problems of the day as, development of modern humanitarian education in Republic of Kazakhstan, and realization of project "New humanitarian education. 100 textbooks in Kazakh language", his importance for forming of world view of the young generation. Preparation of labours of world view character, forming the young generation and saving the cultural code of nation, becomes one of major tasks.

The author of the article considers importance of development of humanitarian sciences in maintenance of national identity and spiritual updating of society in the terms of globalization

Keywords: spiritual renewal, globalization, new liberal education, innovative and front-rank scientific and technical decision, social consciousness, human capital, program "Bolashak"

Мәңгілік қазақ елінің егеменді мемлекет болып қалыптасқанына да ширек ғасырдан астам уақыт өтті. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында дамыған экономикасы бар, саяси тұрақты мемлекет болып нығайды. Соның бір жарқын көрінісі руханият пен білім саласындада қыруар жұмыстар атқарылуда. ҚР

Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: және рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей қоғам алдына алысты болжаған қоғамдық сананы жаңғырту мәселесін қойып отыр. Бұл мақалада рухани дамуымыздың нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін

жолы болашақта қандай бағытта болуы қажет екендігін нақтылап көрсетті.

Қазіргі заманғы Қазақстан әлемдік өркениеттің бір бөлшегі болып, дамудың өзіндік моделімен ерекшеленуде. Кеңестер одағы ыдырағаннан кейін тәуелсіздікке қол жеткізіп, көптеген әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру мен нарықтық экономикаға көшу нәтижесінде қоғамдық қатынастағы өзгерістер - бәрі біртұтас қазіргі өміріміздің шынайы жақтарын көрсетеді. Бұл жаңарулар өз кезегінде біз өмір сүріп отырған қоғам туралы түсінікті түбірінен өзгертіп, оның құндылық негіздерін, өмірімізде орнығып қалған өнеге мен парадигмаларға жаңаша қарауға міндеттеуде.

Жаһандану заманында біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатындығымыз туралы көзқарастарды ортаға салу қазіргі кезеңде маңызды. Ағылшын әлеуметтанушысы, органикалық аналогия мектебінің негізін қалаған классик Герберт Спенсер тұжырымдағандай қоғам қатып қалған дүние емес, үнемі сыртқы әсерлерге реакциясын қайтарып, дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін жаңа жаһандық үрдістер мен заман ағымына бейімделуге қабілетті болуы керек. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Осыны ескере отырып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек екені сөзсіз. Бірақ, заман талабына сай идентификациялана отырып ұлттық тамырымыздан алшақтамай, менталитетімізді, яғни ділімізді, салтымызды да жоғалтпаудың мәселесін қарастыруды да ұмытпауымыз абзал.

Президентіміз өз сөзінде осыған қатысты: *«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай»*, - деді.

Осылайша Елбасы ұлттық жаңғырудың бірнеше бағыттарын көрсетті. Осылардың ішінде отандық гуманитарлық ғылымдардың жауапкершілігінде тұрған, ерекше көңіл бөлуді қажет ететін сала бұл – Елбасы мақаласының ХХІ ғасырдағы «Ұлттық сана туралы» бөліміндегі көрсетілген Ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі. Осы кезекте де Елбасы: *«алға басып ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек»*, - дегенді.

Әрине Ұлттық бірегейлікті сақтай отырып қоғамды заман талабынан қалдырмай дамыту процессі көп қиындықтар туғызады, бірақ солай болады деп жай отырмау керек екенін айта отырып мақаланың «Таяу жылдардағы міндеттер» тарауында көп жоспарларды атап көрсетеді. Мәселен, біріншіден қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру міндеттерін айтса, екіншіден қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша *«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»* жобасын қолға алу маңыздылығын айтты. Осылайша Қазақстан қоғамында бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды одан ары жоғары сапада дайындау мақсатында тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдарына жан – жақты жағдай жасалынып, осы ғылымдар бойынша алдағы бірнеше жылда әлемдегі ең үлгілі 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасалынуына, сондай – ақ, гуманитарлық кафедралардың қайта қалпына келтірілуіне мемлекеттің қолдауы болатыны зор қуаныш. Әлемдегі таңдаулы оқулықтардың қазақ тіліне аударылуы бұл жас ұрпақтың, болашақ маманның ақыл ойының кеңеюіне және көзқарасындағы плюрализмнің қалыптасуына қозғаушы ресурс болатыны сөзсіз.

Бұл жоба ішінара биылғы жылы жүзеге асырылып жатыр. Жаңа оқу жылынан бастап, қазақ тіліне аударылған гуманитарлық саладағы үздік оқулықтар оқу бағдарламасына енгізілді.

Сондықтан, осы мәселелерді саралай келе, біздің қоғам «әлеуметтік – гуманитарлық ғылымдарға ерекше неге көп көңіл бөліп отыр?» деген сұрақ туындауы заңды.

Жалпы әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар қоғамның қалыптасуы, жұмыс істеуі және даму заңдылықтарын, өзгерістерін, мәдени ерекшелігін зерттейтін ғылым екенін ұмытпауымыз керек. Сондай-ақ, қоғамдағы әртүрлі субъектілер арасында қалыптасатын қоғамдық қатынастарға, олардың қызметінің объективті және субъективті жақтарын талдауға, әлеуметтік институттардың өмір сүруін сараптауға басқа ғылым салаларына қарағанда аса жоғары маңыз береді. Әлеуметтік құбылыстар мен процестерге эмпирикалық және теориялық талдау жасау негізінде, айталық, материалдық өндіріс саласында адамдардың қызметін ынталандыру мен тиімділігін

арттыруды күшейту, экономикалық және саяси қатынастарды, әлеуметтік институттардың қызметтерін жетілдіруге бағытталған практикалық ұсыныстар әзірлеу гуманитарлық ғылымдардың практикалық қызметіне жатады.

Сондықтан, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жалпы гуманитарлық білім мен мықты маман дайындау жүйесіне оң модернизация әкелетін шешім. Өйткені дүниеге көзқарас - қоғамдық сананың барлық формаларына қатысты элементтерден құралады, онда философиялық, экономикалық, саяси, ғылыми, адамгершілік және эстетикалық көзқарастар үлкен рөл атқарады. Мысалы, гуманитарлық сала бағытындағы батыстық және американдық классикалық кезеңнің және актуалды қазіргі заман ғалымдарының әртүрлі терең тұжырымдамалары, қолданбалы және іргелі зерттеуді ұйымдастырудың тәжірибесі, әдістемелері мен әдістері көрсетілген қазақ тіліне аударылған еңбектері отандық болашақ мамандардың жан-жақты бәсекеге қабілетті дамуына, ал өз кезегінде бұл отандық сапалы мониторингті ұйымдастыруға, фундаментальды зерттеулер жүргізуге және бұл зерттеулердің нәтижелері мемлекеттік ұйымдардың Ұлттық дамуы мәселесін қарастыруда дұрыс шешім қабылдауына оң әсерін беретіні сөзсіз екендігін айтқымыз келеді.

Біз қазір тың жаңалықтар, инновациялық және озық ғылыми-техникалық шешімдер дәуіріне қадам бастық. Жалпы экономикалық өсім мен өмір салтымыз, болмысымызды түбегейлі өзгертіп отыр.

Егер, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қоғамдық сананың тарихи миссиясы қазақ халқының мемлекеттілігінің негізін нығайтуға бағытталса, бүгін оның міндеттері Қазақстанның орнын қазіргі заманғы әлемдік өркениет процестерінің жүйесінде айқындау болып табылады.

Әлемдегі дамыған 50 елдің қатарына кіру жөніндегі еліміздің стратегиясы қазіргі Қазақстанның болашағын айқындайтын бастамалардың көкжиегін анықтайды. Республикамызда азаматтарға өздерінің экономикалық, әлеуметтік, ұлттық, саяси және мәдени мүдделерін бүкіләлемдік өркениетте жүзеге асыруға мүмкіндік беретін демократиялық қоғам құрылуда.

Біздің мемлекетіміздің егеменді және тәуелсіз даму процесін бекіту мен жетілдіру

ісіне барлық отандастар өзінің қолдан келген үлесін қосуда.

Жаңа технологиялық құрылысқа ауысу, білім, ақпарат экономиканың дамуы кезеңінде адами капитал елдің экономикалық өсуінің маңызды факторы болып саналады. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, адами капиталдың 1 пайызға артуы еңбек өнімділігінің 3,81 пайызға өсуіне әкеледі. Сондықтан да мемлекеттік бағдарламаларда оның болуы ерекше маңызды.

World Economic Forum (Дүниежүзілік экономикалық форум) қорының "Адам капиталының дамуы 2015" деп аталатын есебі бойынша, Қазақстан әлемнің 127 елі арасында адам капиталының даму көрсеткіші бойынша 37 орынды иеленген. Рейтинг халықтың түрлі жас деңгейіндегі топтарындағы адам капиталының мүмкіндіктері, оның ішінде білім алуға қол жету мен білімнің сапасы, біліктілікті көтеру мүмкіндіктері, жұмыспен қамтылуы, экономикаға араласуы сияқты барлығы 46 көрсеткіш бойынша түзілген. Қазақстанның түрлі жас арасындағы бұл критерийлер бойынша көрсеткіштері әртүрлі. Мысалы, Қазақстан 55-64 жас аралығындағы тұрғындарының адам капиталы көрсеткішінен әлемде 12 орында тұрғанымен, басқа жас аралығындағылардың адам капиталы көрсеткіші бойынша 33 пен 43 орын аралығындағы орындарда тұр. Рейтингте алғашқы орынды Финляндия алған. Одан кейінгі орындарда Норвегия, Швейцария, Канада мен Жапония тұр. Пост кеңестік елдер арасында Эстония 16-орында, Литва 18-орында, Латвия 23-орында, Ресей 26-орында, Украина 31-орында тұр.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап адам капиталын дамыту, оның ішінде халықты сапалы біліммен қамтамасыз ету Елбасы саясаты басымдықтарының біріне айналды. Мемлекет басшысы дұрыс экономика құру үшін алдымен адам капиталының сапасын арттыру оған инвестиция құю қажет екенін бұған дейін де айтып келген.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда, жоғары оқу орнын бітіргендердің жиған білімінің бір жылдан кейін 15%-ы, бес жылдан кейін 50-70%-ы көнеріп кететін көрінеді. Сондықтан, 8-10 жыл сайын білімді жаңартып, жетілдіріп отыру қажет. Соңғы он жылдықтарда әлемдік экономика негізінен адам ресурсы есебінен дамуда. Әлемдік банк жүргізген зерттеулерде өтпелі экономикалық елдердің өсуінің тек 16% ғана құрал-сайман,

ғимараттарға және өндіріс инфрақұрылымына, 20%-табиғи капиталға, қалған 64% әлеуметтік және адам капиталына байланысты екендігін анықтап көрсеткен.

Осылайша қарасақ сапалы адам капиталын орынды пайдалану мен дамыту өте маңызды. Бұл тұрғыдан, мемлекетіміздің саясаты өте дұрыс. Атап айтқанда, «Болашақ» бағдарламасы, білім жетілдіру, шетелде біліктілікті арттыру, семинар, курстар өткізудің пайдасы мол. Бұл қадамдар адам капиталын сапаландыру үшін істелген инвестициялық саясат.

Қай мемлекеттің де негізгі тірегі - асқақтаған күмбездер де, ғимараттар да, экономикалық жағдай да емес, негізі білімді де білікті, іскер де, белсенді адамдар.

«Келешектің иесі-жастар», «Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсас келеді», - деп Кеңес заманының белгілі жазушысы Н.Дубов айтпақшы, қоғам талабына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу ең маңызды мәселе екені даусыз. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен

техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай маман қызметінің мазмұны жаңарып, жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етеді. Ондай мүмкіншілік тек білім арқылы келеді.

Қорыта айтқанда, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына кіру міндеті оны ғылымды көп қажет ететін технологиялық білімі, басқару дағдылары бар, нарықтық экономика заңдылықтарын меңгерген жоғары білікті мамандар іс жүзінде жүзеге асыратын болса ғана, шешілетіні сөзсіз. Бұл жолда бірақ, қазіргі замандағы жаһандану үдерісінде ұлттық болмысымыз бен ұлттық рухымызды ұмытпаған абзал, ал бұл кезекте гуманитарлық ғылымдардың маңызы ерекше.

Білімді, сауатты адамдар - бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бұл туралы Абай атамыз: *«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым гої демектің бәрі бекер»* деп өсиет қалдырған болатын-ды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру Астана, 2017
2. А. Құнанбаев Таңдамалы шығармалар II том, Жазушы 2002 ж 105 б
3. Ж. Молдабеков. Мәңгілік Ел – ұлттық идея және жоба: түсінісу тоқтам түйіндері // Ақиқат №6, 2017 5 б
4. Б.Сманов. Идеология бастауы – рухани жаңғыру // Ақиқат №7, 2017 7 б
5. Х. Әбжанов. Рухани жаңғыру және қазіргі тарих ғылымы // Ақиқат №9, 2017 9 б
6. Адам капиталын дамыту – Қазақстан үшін стратегиялық міндет// <https://kk.wikipedia.org/wiki>
7. WEF: Қазақстан адам капиталын дамытудан 37 орында.//<https://www.azattyq.org/a/27015943.html>

Түйебаев Махмут Мамырбекұлы

Лауазымы: философия ғылымдарының кандидаты, философия және саясаттану кафедрасының меңгерушісі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ.

Пошталық мекен-жайы: 071402, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Шмидта көшесі 44

Ұялы. тел: +7 701 543 40 06

Рухани жаңғыру және жаһандану дәуіріндегі гуманитарлық білім

Түйебаев Махмут Мамырбекович

Должность: кандидат философских наук, заведующий кафедры философии и политологии, Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, г.Семей

Почтовый адрес: 071402, Республика Казахстан, г. Семей, ул.Шмидта 44

сот. тел: +7 701 543 40 06

Духовное обновление и гуманитарное образование в эпоху глобализации

Tuyebaev Mahmut Mamyrbekovich

Position: Candidate of philosophical Sciences, head of department of Philosophy and political sciences, Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071402, Republic of Kazakhstan, Semey, .Shmidt street, 44

Mob.phone: +7 701 543 40 06

Spiritual renewal and liberal education in the epoch of globalization